

Ауыл халқы санының артуы үшін жылына 2 рет ауыл халқына медициналық сараптама жүргізу және жағдайлар жасалу керек. Яғни ауылдағы өмірді ыңғайлы ету басты мәселе. Зейнетақы жасына реформа жасалып, ауыл тұрғындарына зейнет жасы төмендесе ауыл тұрғындары жаппай көшуді қояды деп нақты сеніммен айта аламын. Егерде ауыл тұрғындары осындай қарқынмен көссе, шамамен 20-25 жылда ауылдар жойылады. Бұл қуантарлық жағдай емес...

Әдебиеттер

1. Мұханбетова С.М. Статистика–Алматы: Дәуір, 2011.
2. Назарбаев Н. Мыслями с народом поделюсь. - Алматы: Мектеп, 2007.
3. Переведенцев В.И. Методы изучения миграции населения. - М.1975.
4. Авров А.П., Аврова Ю.П. Общая теория статистики. –Алматы, 2009.
5. www.stat.gov.kz

Гинятова К.К., 2 курс (академик Е.А.Бөкетов атындағы ҚарУ)
Ғылыми жетекшісі – э.ғ.м., аға оқытушы Садуақасова М.Б.

ҚОРЛАРДЫ ЕСЕПТЕН ШЫҒАРУ ЕСЕБІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Өнеркәсіпте, өндірісте тауарлық-материалдық құндылықтарды тұтыну үнемі артып келеді. Бұл өндірістің кеңеюіне, өнімнің өзіндік құнындағы материалдық шығындардың айтарлықтай үлесіне және ресурстар бағасының өсуіне байланысты.

Қорлардың барлық түрлері 1300 бөлімшенің активті шоттарында жүргізіледі.

Тауарларды есептен шығару тәртібі.

Егер тауарларды (қызметкерлерге сыйға тартпай) есептен шығаруды шешсе, онда бухгалтерлік есепте есептен шығару №562 бұйрықпен бекітілген Қ-6 нысаны бойынша есептен шығару актісін рәсімдей отырып жүргізіледі.

Келесілерді назарға алу қажет:

1. ҚР Салық кодексінің 264-бабының 1-тармақшасына сәйкес табыс алуға бағытталған қызметке байланысты емес шығындар шегерімге жатпайды. Тиісінше, егер өнімді есептен шығарса, онда бұл кіріс алуға бағытталған қызметпен байланысты емес шығын ретінде танылады, сәйкесінше КТС шегерімдеріне жатқыза алмайды. Бухгалтерлік жазба: Дебет 7210 (шегерімге жатқызылмайтын) Кредит 1330.

2. ҚР Салық кодексінің 404-бабы 2-тармағының 2-тармақшасына сәйкес есепке жатқызылатын ҚҚС сомасын азайту (түзету) тауарлар бойынша олар бүлінген, жоғалған жағдайда (төтенше жағдайлар нәтижесінде туындаған жағдайларды қоспағанда) жүргізіледі. Бұл ретте тауардың бүлінуі нәтижесінде осы тауарды салық салынатын айналым мақсаттары үшін пайдалануға болмайтын тауардың барлық немесе жекелеген сапасының (қасиеттерінің) нашарлауын білдіреді. Қарастырылып отырған жағдайда, егер бұл тауарларды жай ғана есептен шығарса, бұл бүлінуге/жоғалуға байланысты есептен шығару ретінде теңестіріледі, сәйкесінше, осы тауарлар үшін бұрын есепке алынған ҚҚС-ғын түзету керек: Дебет 7210 (шегерімге жатқызылмайтын) Кредит 1420.

Қызметкерлерге тауарларды сыйға тарту. ҚР Салық Кодексінің 243-бабының 13-тармағына сәйкес жарнамалық мақсатта өтеусіз берілген тауардың (оның ішінде сыйға тарту түрінде) құны, егер мұндай тауар бірлігінің құны республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген және осындай беру күні қолданыста болған айлық есептік көрсеткіштің 5 еселенген мөлшерінен аспаған жағдайда, осындай тауарды беру жүзеге асырылған салық кезеңінде шегерімге жатқызылады.

Яғни егер тауарды жұмыскерге сыйға тарту түрінде берілсе және осындай сыйға тартылған тауар бірлігінің құны 5 АЕК-тен аспаса, онда осы тауарлардың өзіндік құнын КТС бойынша шегерімге жатқызуға болады:

- Дебет 7210 (шегерімге жатқызылатын) Кредит 1330.

Егер тауар бірлігінің өзіндік құны 5 АЕК-тен асса, онда бұл шығыс шегерімге жатпайды: - Дебет 7210 (шегерімге жатқызылмайтын) Кредит 1330.

ҚР Салық Кодексінің 381-бабының 5-тармағына сәйкес тауарларды өтеусіз беру кезінде ҚҚС мақсатында өткізу бойынша айналым мөлшері, Қазақстан Республикасының трансферттік баға белгілеу туралы заңнамасында өзгеше көзделмесе, салық төлеушінің бухгалтерлік есебінде көрсетілуге жататын (көрсетілген) берілетін тауарлардың баланстық құны мөлшерінде айқындалады.

Демек, ҚҚС мақсатындағы айналым мөлшері бухгалтерлік есеп деректеріне сәйкес берілетін тауардың баланстық құны шегінде анықталады және осы айналым бойынша 12% ҚҚС тауардың баланстық құнының үстіне есептелуі керек: - Дебет 7210 (шегерімге жатқызылмайтын) Кредит 3130.

Қызметкердің табысы бухгалтерлік есеп деректеріне сәйкес өтеусіз берілетін тауардың баланстық құны негізге алына отырып, мөлшерде айқындалады және оған қоса ҚҚС сомасы 12% (өтеусіз беру кезінде өткізу бойынша) болады. Содан кейін бухгалтерлік жазбалар келесідей болады:

- Дебет 1252 Кредит 1330 - тауарды өтеусіз беру нәтижесінде есептен шығару және қызметкердің дебиторлық берешегін тану;

- Дебет 7110/7210 Кредит 3350-қызметкерге заттай нысанда табыс есептеу;

- Дебет 7210 (шегерімге жатқызылмайтын) Кредит 3120/3220 – жұмыскердің табысынан ЖТС және МЗЖ заттай нысанда есептеу. Осы табысты есептеген кезде ЖТС мен МЗЖ ұстап қалу мүмкін еместігін ескеру қажет, тиісінше жұмыс беруші ЖТС мен МЗЖ-ны өз есебінен есептейді.

Бұл ретте, ҚР Салық кодексінің 319-бабы 2-тармағының 47) тармақшасына сәйкес ҚРЗ 33-бабының редакциясында жұмыс берушінің есебінен есептелген және төленген осы ЖТС мен МЗЖ жұмыскердің табысы деп танылмайды.

- Дебет 7110/7210 Кредит 3150/3210 – әлеуметтік салықты, әлеуметтік аударымдар мен МӘМС аударымдарын есептеу.

- Дебет 3350 Кредит 1252 - жабу.

Мұндай жағдайда, өтеусіз берілген тауарлар бойынша шығыстарды ҚР Салық кодексінің 257-бабына сәйкес жұмыскерлердің есептелген кірістері бойынша шығыстар ретінде шегерімдерге жатқызады.

Сонымен, қорларды есептен шығару актісі қорлардың бүлінуі, сынуы, сынығы нәтижесінде, сондай-ақ дайындау, сақтау немесе өндіру процесіндегі қорлардың жетіспеушілігін, ысырабын анықтау салдарынан есептен шығаруға жататын қорларды есепке алу үшін қолданылады.

Әдебиеттер

1. Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық Кодексі) Қазақстан Республикасының Кодексі 2017 жылғы 25 желтоқсандағы № 120-VI ҚРЗ.

2. Қаржылық есеп [Текст] : оқу құралы / Б. Б. Султанова [ж.б.] ; Әл - Фараби атын. Қазақ ұлттық ун-ті. - Алматы : Қазақ ун-ті, 2019. - 491 б.

Еділ А., 1 курс (академик Е.А.Бөкетов атындағы ҚарУ)

Ғылыми жетекші - э.ғ.к., доцент Кабдыбай А.К.

БАСҚАРУ ЕСЕБІ БАСҚАРУ ШЕШІМДЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖӘНЕ ҚОЛДАУ ҚҰРАЛЫ РЕТІНДЕ

Басқару процесі басқарушылық шешімдерді жүйелі түрде қабылдау арқылы жүзеге асырылады, олардың тиімділігін басқарылатын параметрлердің жағдайы мен сипатын дәл және уақтылы білдіретін аралық және қорытынды нәтижелер туралы алынған ақпаратқа сәйкес талдауға болады.

Басқару есебі – бұл операциялық және стратегиялық сипаттағы ұйымда басқару шешімдерін қабылдауға арналған ақпараттық база.

Басқару есебінің саясатын құру кәсіпорынды қайта құру кезеңінде шешілетін маңызды міндеттердің бірі болып табылады. Осы саясатты жасауға байланысты келесі проблемалар туындауы мүмкін: басқарушылық есепті жүргізуге жауапты болатын персоналдың біліктілігін белгілеу мен іріктеудегі қиындық; белгілі бір жұмыс учаскесінің басшылығы мен қызметкерлері арасындағы жеткіліксіз жолға қойылған коммуникациялық байланыстар; жұмыстың басқа бөліктеріндегі уақыттың сәйкес келмеуі, атап айтқанда бухгалтерлік және салықтық есептер арасындағы айтарлықтай сәйкессіздік, ұйымның нақты құрылымының болмауы; қызметкерлердің жұмысын біртұтас ұйым ретінде қамтамасыз ететін ұйымда ұйымдастырушылық мәдениеттің болмауы, соның ішінде өзара көмек көрсету, алынған және берілген ақпарат үшін құрмет пен жауапкершілікті қабылдау; басқару есебі жүйесінің жұмыс істеуін техникалық қамтамасыз етудегі қиындық, атап айтқанда қажетті компьютерлік техникамен және бағдарламалық қамтамасыз етумен жеткіліксіз жабдықтау.

Тағы бір проблема – кәсіпорындағы басқару есебінің мәнін анық түсінбеу. Көптеген отандық компаниялар басқарушылық есеп – бұл шығындар есебі деген ережеге негізделеді, ал басқарушылық